

## **«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері**

**Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау объектісінің атауы:**  
«Qazaqstan Investment Corporation» акционерлік қоғамының (бұдан әрі –  
Қоғам) 2024 жылға арналған сатып алу қызметі.

**Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізудің  
негіздемесі:**

Қоғам Басқарма Төрағасының 2025 жылғы 13 мамырдағы № 40-П  
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы.

**Талдау кезеңі:**

2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін.

**Орындаушы:**

Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (бұдан әрі  
АКҚ).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар  
бойынша жүргізілді:

1) Қоғамның сатып алу қызметіне қатысты ішкі нормативтік  
құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Қоғамның сатып алу мәселелері бойынша ұйымдастырушылық-  
басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау шеңберінде АКҚ Қоғамның сатып алу процесін реттейтін  
ішкі нормативтік құжаттарын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы  
және тиісті бақылау рәсімдерінің болмауы тұрғысынан тексерді. Сонымен  
қатар, АКҚ іріктеп алынған нақты жүргізілген сатып алуларды сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғын және бекітілген рәсімдердің сақталуын  
тексерді.

**Қоғамның 2024 жылға арналған сатып алу қызметіндегі сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша:**

1. Жұмыс тобы талдау жүргізілген бизнес-процестер шеңберінде  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтамады. Назарға алынуы тиіс жайт:  
тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының  
квазимемлекеттік секторына арналған бірыңғай оператордың веб-порталы  
арқылы жүзеге асырылады. Аталған портал сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдерін, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілер тарапынан алаяқтыққа  
байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін бақылау  
рәсімдерін қамтиды.

2. Талдау кезеңінде Қоғамға қатысты жеткізушілер тарапынан сот  
талаптары, сондай-ақ 2024 жылға арналған сатып алу қағидаларының  
сақталуын бақылауға негіз болатын құзыретті құқық қорғау органдарының

қаулылары келіп түспеген. Айыппұл санкциялары да қолданылмаған. Сонымен қатар, АҚҚ-ның жедел желісі арқылы Қоғам жүзеге асыратын сатып алу рәсімдеріне қатысты шағымдар немесе өтініштер тіркелмеген.